

ШАДЫМАН АХМЕТҰЛЫ

САН ЕСІМДЕРДІҢ ЭТИМОЛОГИЯСЫ

Статья посвящена этимологии некоторых числительных казахского языка. Исследователь, сопоставляя названия чисел от 1 до 10 и десятков в современном казахском, узбекском, уйгурском, татарском, монгольском языках, а также, основываясь на тождественность с древнетюркскими и шумерскими языками делает ценные выводы.

Araştırmacı bu makalede eski Kıpçak yazılarının araştırılması konusunu ele almıştır. Ortaçağ Kıpçak dili yazıtları ile ilgili bulunan belgeleri karşılaştırmalı tarih metodlarına, ayrıca, günümüz Türk dillerinin araştırma sonuçlarına da önem vererek ve bağdaştırarak incelenmesi gerektiğini öne sürmektedir.

Ғұлама ғалым, қара үзген шипагер Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының осыдан бес ғасыр бұрын жазған ғылымнамалық шығармасы «Шипагерлік Баянда» сандарды дене мүшелерінің аттарымен бейнелеу тәсілі жиі қолданылған.

Иә, қазіргі сауатты оқырман үшін ауыз (мұрын), көз (құлақ), қол (оң қол, оң), қос қол, қол-аяқ, үш бас, қыр сөздері арқылы 1, 2, 5, 10, 20, 30, 40-тарды атап, осы сөздерді қайталау, қосу, алу, көбейту тәсілімен қалаған санды бейнелеудің қарапайым арифметикалық жолдары түсінікті. Алайда бүгінгі кемелді сандар жүйесінің кеше басып өткен сокпақтарын зерттеуде Өтей атамыздың деректері таптырмас жадығат есенгі.

Түрік халықтары қолданып отырған сандар ғылымға 7-8 ғасырлардағы Орхон-Енисей ескерткіштері арқылы мәлім. Олар: бір (𐰃𐰏𐰸), ікі, екі (𐰏𐰸), үч (𐰏𐰸), төрт (𐰃𐰏𐰸), биш, біс (𐰏𐰸:𐰃𐰏𐰸), алты (𐰏𐰸), йеті, йіті (𐰏𐰸), секіз (𐰏𐰸), тоқүз (𐰏𐰸), он, үн (𐰏𐰸), йегірмі, йігірмі (𐰏𐰸), отүз (𐰏𐰸), қырк (𐰏𐰸), еліг (𐰏𐰸), алтмыш, йетміш, секізон, тоқүзон, йүз (𐰏𐰸), бың (𐰏𐰸) [1. 83], түмен^{**}.

* ауыз – 1, көз – 2, көз мұрын – 3, көз құлақ – 4, оң қол (қол, көз құлақ мұрын) – 5; қол ауыз – 6, қол көз – 7; қол көз мұрын – 8, қол көз құлақ (ауыз кем қос қол) – 9, қос қол – 10; қос қол ауыз – 11; қос қол көз – 12; қос қол көз мұрын – 13; қос қол көз құлақ – 14; қос қол оң – 15; қос қол оң ауыз – 16; қос қол оң көз – 17; қос қол оң көз мұрын – 18; қол аяқ кем ауыз (ауыз кем қол аяқ) – 19; қол аяқ – 20; қол аяқ ауыз – 21, қол аяқ көз – 22; қол аяқ көз мұрын – 23; қол аяқ көз құлақ – 24; қол аяқ оң қол – 25; қол аяқ оң қол ауыз – 26; қол аяқ оң қол көз – 27; қол аяқ оң қол көз мұрын – 28; үшбас кем ауыз – 29; үшбас – отыз; үшбас ауыз – 31; үшбас көз – 32; үшбас көз мұрын – 33; үшбас көз құлақ – 34; үшбас оң – 35; үшбас оң ауыз – 36; үшбас оң көз – 37; үшбас оң көз мұрын – 38; қыр кем ауыз – 39; қыр – 40; қыр ауыз – 41. Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы: «Шипагерлік Баян», Шыңжаң ғылым-техника, денсаулық сақтау баспасы, 1994 жыл желтоқсан, 3, 9, 21, 22, 55-56, 305, 322-322 беттер.

** Түмен сөзін монғолшадан түріктерге енген кірме атау дейтін көзқарастар бар, дегенмен Қытай жылнамаларынан Ғүн қағанатының тәңірқұтының есімі Түмен, Түрік қағанатының шанырағын көтеруші Түмен қаған деген атау кезігеді. Ең үлкен сан болуына байланысты шығар, сарыйұғырлар, кейде, заттың бағасы туралы құпиялап сөйлескенде мың орнына тумак (пер тумак – бір мың, ішке тумак – екі мың) сөзін қолданады, олар он мың ұғымындағы түменді аяқ (пер аяқ – он мың) деп атайды. Сарыйұғырларда да түмен сөзі он мыңды көрсетеді. Қытай тілінде түмен сөзі уән (萬) болып айтылғанымен, иероглифтің ежелгі оқылуы mīwan және ерте орта ғасырдағы оқылуы mīwan, диалектілерде man, buan, ban. Бұдан қытайша уән мен түрікше түменде қалайда жақындық жатқанын аңғарамыз.

Орта ғасыр – Орталық Азия мен Қазақстанның мәдениетте биік деңгейге көтерілген дәуір. Ендеше Өтейбойдақ сандарды бейнелеудің ең қарапайым тәсілін неліктен өз еңбегіне енгізген?

Бұл мәселені айқындау үшін ежелгі халықтардың санау тәсілі мен түрік сан есімдерінің этимологиясына талдау жасаған жөн.

Ежелгі адамдар қалай санаған? Бұл – аса күрделі тақырып. Сан жазудан көп бұрын шыққандығы себепті, алғашқы адамдардың санау өнерін бейнелейтін жазба жадығаттар жоқ. Десе де өткен ғасырларда өркениеті кенже дамыған халықтарға жүргізілген зерттеулерден адамзаттың сан ұғымы қалай басталғандығын байқай аламыз.

Бұрынғы Кеңестер Одағының тілшісі О.Игнатевтың 1963 жылы Бразилиядан берген хабарында Иоллапити үндістерінде 1, 2, 5 сандарының ғана атауы бар, басқа сандар солар арқылы айтылады. Бес – иоллапити тілінде “уирика” (бір қол) делінеді [2.114]. Неміс саяхатшысы К. Штейнен (1855-1929) 19 ғасырдың 80 жылдарында Бразилиядағы бакайри тайпасын зерттеген. Бакайрилер алтыға дейін дұрыс есептеп, жеті мен сегізге жеткенде қиналып, есінеп, “басымыз ауырды” деп, тоғыз-он нәрсені санатуға әкелгенде қашып кететін болған. Бакайрише 1 – токале (негізгі мағынасы: сол қолдың шынашағы), 2 – ахаге (негізгі мағынасы: аты жоқ қол), 3 – ахаге-токале, 4 - ахаге-ахаге, 5 – ахаге-ахаге-токале, 6 -ахаге-ахаге-ахаге. Бакайрилерде токале мен ахагеден басқа сан есім жоқ [2.115].

Сандардың ерте заманда қалай болғандығы түрлі халықтардың тіліндегі ескілікті сөздерде де сақталған. Мысылы, ескі үнді (санскрит) тіліндегі “двн” (екі) сөзі көз ұғымын беретін сөзге өте жуық. Индонезиялықтар бес сан есімі мен қол зат есімін бір сөзбен “лима” деп атаса, орысшадағы “пять” (бес) сөзі “пядь” (қарыс) [3. 2-90], “пясть” (ескі славян тілінде жұдырық) [2.143] сөздерімен төркіндес.

Аталған мысалдардан Өтей атамыз жазып кеткен сандар жүйесінің тамырының тереңге бойлағандығын, ежелгі түріктердің де өзге халықтар сияқты санауды дене мүшелері арқылы бейнелеуден бастағандығын аңғарамыз.

Санның түп атасы – санаға сәулесі түскен материя. Санның тегі – зат. Ежелгі халықтар мейлі аушылықпен, мейлі шағын егіншілікпен шұғылдансын, олардың өндірістік қимылдары күнделікті ішіп-жемін қамдаудың көлемінен әрі аспаған, сол үшін олар пайдаланған сандар да аз болған. Адам баласы әуелі бір мен екіге, одан кейін үшке, беске, жетіге, онға дейін санауды меңгерсе, шаруашылық қимылдарының кеңеюі, материалдық байлықтың қорлануына сай жүзге, мыңға дейін санауды қажетсінді.

Тілімізде “жекпе-жек”, “жеке” сөздері бар. Жекпе-жектің мағынасы бірме-бір, “жек” туысқан ұйғыр тіліндегі “йәкі-иганә” сөзінде сақталған.

Парсылар жеке, дара, бірінші деген мағынада “йск” (يك) сөзін қолданады. Тіліміздегі жекпе-жек (парсыша йеке-йск – يکايک), жексенбі

сөздерінің төркінін парсы тілінен іздеуіміз де осыдан. Ескі түрік тілінде -к, -к қосымшалары етістіктен зат есім жасауда белсенді қызмет өтеген. Қазақ тіліндегі сүйе – сүйек, қара – қарак (көз), тара – тарак, жүр – жүрек, сөздері осы негізде қалыптасқан. Йек (жек) сөзі көне түрікше йе (же) етістігіне -к қосымшасы жалғанудан жасалып, ауыз деген мағынаны аңғартуы бек мүмкін. Тіліміздегі жеку етістігі осы пайымымызды растайды.

Жек бастапқыда ауыз мағынасын білдірсе, бірте-бірте сандық ұғымға көшіп, “бір” деген мағынаға ие болғанға ұқсайды.

Ата-бабаларымыз жеміс теріп жеп күнелтетін дәстүрлі шаруашылықтан аңшылық дәуірге қадам басуына сай, негізгі тамағы аулаған ауы (аңы) болды деп жорамалдасақ, қазіргі тіліміздегі ауыз (ескі түрікшеде ауғыз, «Шинагерлік Баянда» ауғаз [4. 59]), ауқат (өзбек және оңтүстік қазақстандықтардың тілінде тамақ деген мағынасы бар) сөздерінің түбірін “ау” сөзімен қатысты деп айтуға болады. Жек (йек) пен ауыз (ауғыз) қар мен қол, қарак пен көз тәрізді мыңдаған жылдар бойына қатар қолданылып келді де, біздің заманымызға келгенде йектің ауыз деген мағынасы ұмыт болып, иек деген жана мағынасы қалыптасуы мүмкін. Дегенмен оның сандық ұғымы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып бізге келіп отыр, «Шинагерлік Баянда» бірді ауыз деп атаудың сыры осында. Түрік тілдерінде сөз басындағы н-ның й, немесе ж дыбысына ауысуы заңды. Мысалы, йамғұр – йағмұр – жаңбыр – нанмыр – наңмыр (намдур, нанмур)^{***}, йак – жақ – наак – наак, йаңа – жаңа – наа – наа. Сөздегі осындай қағида қазақ, моңғол тілдеріндегі ішінара сөздерден де байқалады. Мысалы, жас – нас, жай (сыр, сыралғы) – най, ноён – жоян (төре), наймаа – жайма (сауда), нудрага – жұдырық [5]. Навч – жапырақ (модны ногоон навч – ағаштың жасыл жапырағы, навч цэцэг – гүл бәйшешек. Навс – жамылғы сөздерінде де н мен ж-ның ауысуы мен мұндалап тұр. Осы аталған заңдылыққа сай, йек – жек – нек болып айтылуды теріс дей алмаймыз. Ескі түрікше жыл есебінде ұлу жылы нек йылы деп аталады. Ұлу – лу (түрікше), олу (йұғырша), луу, луун (моңғолша), лүң (қытайша).

Моңғолша луу, луун (мағынасы аждаһар), сірә, қытай тіліндегі лүң (аждаһар) сөзінен ауысқан болуы мүмкін. Демек, ескі түрікшедегі нектің де негізгі мағынасы аждаһар болуға тиісті әрі аждаһардың сүркейлі аузына қарата қойылған ат болуы мүмкін. Тіліміздегі жек көру, жексұрын сөздерінің түбірі жек – нек – аждаһар. Моңғолдар бірді “нэг” деп атайды.

“Йек” бір кезде халықаралық атау болған ұқсайды. Парсы, тәжік, дүңген тілдеріндегі 1 – йек (يك), ескі үнді тіліндегі ека, пунжап тіліндегі 1 – йк

^{***} Хакас тілдері тобында сөз басында басқа түрік тілдерінде қолданылатын й-ж-дж-д-с дыбыстарының орнына ч не н, н (н орфография бойынша) қолданылады. Чыл (басқа тілдерде: жыл – джыл – дыл – сыл), нанмыр (басқа тілдерде: жаңбыр – йағмыр – йамғыр). Қараңыз: Ә. Қайдаров, М. Оразов: «Түркологияға кіріспе», Алматы, Мектеп баспасы, 1985, 138 бет.

(الك), урдуша 1 – ейк (ايك) осының айғағы. Қазіргі қытай тілінде и болып оқылатын — немесе 壹 иероглифнің ежелгі қытай тіліндегі дыбысталуы їet, орта ерте ғасырдағы дыбысталуы їёт, ал қазіргі қытай тіліндегі айтылымы і, қытай тілінің қыжя диалектісінде it, кантон диалектісінде jet болып дыбысталады.

Түрік сан есімдерінен құлақ, көзге қатысты сөздер кезікпейді, қайта сандар қолға, саусаққа қатысты болып келеді.

Ежелгі халықтар ең алғаш бір мен екінші санаған. Ғұн қағанатында тәңірқұттың сол білге хан (左贤王), оң білге хандарының (右贤王) болуы, түрік аламандарының оң қол (оң қар), сол қолға, (соң қар) бөлінуі, халық ертегілерінде патшаның оң қол, сол қол уәзірінің болуы сынды сарындар осының жарқын ескерткіші саналса, ежелгі түрік тілінде оңға – бірііе (𐰉𐰺𐰽𐰸), оңтүстікте – біргерү (𐰉𐰺𐰽𐰸), солға – йырғарү (>𐰺𐰽𐰽𐰸), солтүстікте – йырайа (𐰉𐰺𐰽𐰸) делінген. Мұндағы -ғарү, -герү құранды қосымшалар. Олар барыс септіктің -қа (-ке), -ға (-ге) және -рү (-рү) жұрнақтары арқылы жасалған [б. 73]. Ол қазірде ілгері, жоғары сөздерінде сақталған. Ал -йа, -йе жұрнақтары ескі түрік тіліндегі барыс септігінің оғыздарға тән жұрнағы [б. 74]. Демек, аталған сөздердің түбірі санатындағы бір – оң, йыр – сол.

Бірдің бастапқы мағынасы оң қол. Бұл ұғым санаға орнығып, әдетке айналғаны соншалық, “бер” дегенде оң қолды созатын, “бара бер” дегенде оң қолды сілтейтін психикалық шартты рефлекс дәрежесіне дейін көтерілген. Йұғырлардың (сарыұйғырлардың) тілінде бер мен бірдің әр екеуі де пер (пәр) [7] болып айтылуы да осыны растайды.

Қайсы ұлттың болса да баласы санды саусақпен санайды. Бір қолдың бес саусағы, екі қолдың он саусағы, төрт саусақтың он екі буыны, қол мен аяқтың саусақ-бақайлары негізінде санаудың бестік, ондық, он екілік, жиырмалық жүйелері қалыптасқан. Түрік сандарының этимологиясынан түріктердің де сандарды саусақпен санау басқышын басып өткендігін байқау қиын емес.

Бес бармақ тілімізде бес қол немесе бес саусақ деп аталады. Ескі тілімізде қазіргі біздерге кең мағынасымен сіңіп орныққан “қол” сөзі “қар” деп аталған. “Қарына тартпағанның қары сынсын” (баспа-бас аудармасы: тегіне тартпағанның қолы сынсын) деген мақалдағы екінші қардың қол екендігі мен мұңдалап тұр. Тіліміздегі қарыс, қару, қармау сөздері осы қар деген түбірден жасалған. Мажарлар ата-тек, қару, қран сөздерін қар (kar) десе, моңғолдар қол деген сөзді “ғар” (gar) дейді. Йұғыр тілінде қар сөзі білек және балтыр [8] мағыналарын білдіреді. Тіліміздегі қол деген сөздің ең ілкі мағынасы бармақ (саусақ) болған. Тілімізде ол бес қол, бес саусақ аталғанымен, бас бармақ қалған төрт саусақтан бөлекше қаралып, бармақ, басбармақ аталады. Осы түйіннен қарағанымызда қол және саусақ атаулары сүкқол, ортанқол, атсызқол мен шынашақтарға тәуелді болған болуы да мүмкін. Йұғырлар бес саусақты басырмақ, сұғылық, ортамақ, қычық ортамақ,

атимақ^{****} деп атайды. Мұндағы ырмақ, мақ сөздері біздің тіліміздегі бармақ сөзін еске салады.

Қазақ тіліндегі ілгері деген сөздің түбірі іл, одан ілкі (алғашқы) сөзі жасалған. Санау қашанда он қолдың басбармағынан басталағыны себепті, бармақ – бір, сүкқол – ілкі (саусақ немесе қол), ортанқол – саусақ (қол) ұшы (ұчы) аталған. Ілкі – ікі – екі, ұчы – үч – үш. Егер іл сөзіне қатыстық сын есімнің -кі жұрнағы жалғанбай, -ні деген тұлғасы жалғанса, ілні – іні болып қалыптасар еді. Тувалар екіні іні, ігі дейді. Ал йұғыршада үш сан есімі үш делінеді.

Төрт түрікмен, әзери, Түркия түрікшесі, йұғыр тілдерінде дөрд, дөрт, диөрт аталса, моңғолдар дөрөв (дөрвөн) дейді. Бұлар қалайда төр сөзімен қатысты болуы мүмкін. Төрт бағзы замандарда ең үлкен сан болған. Жерді төрт бұрыш деп түсіну, төрт қыбла, аспаннан түскен төрт кітап, Пайғамбардың төрт серігі, керейлердің төрт би-төресі осы киелі ұғымнан қалыптасқан. “Төртеу түгел болса, төбедегі келеді”, “төрт қара көз” дегенде күллі халық мегзеледі. Төр сыйлы да киелі орын. Ескі түріктер төрү деп заң-ережелерді атаса, моңғолдар үкімет, мемлекет дегенді төр дейді. Қатыстық сын есім жұрнағы моңғолшада -т (ус – уст, су – сулы), қазақшада -ты (аршаты – аршалы, алматы – алмалы) болып айтылады. Ескі тілімізден қалған нарт (моңғолшада нар – күн – жарық, нарт – нартай – күнді, күні бар, күн ашық, ашық күн), ар – арт, жүр – жұрт сөздерінен қарағанда “-ты”-ның байырғы тұлғасы “-т” болуы мүмкін. Демек, төрт – төрлі деген мағынасымен төрлі сан (саусақ) ұғымынан қалыптасқан.

Санау беске барғанда барлық саусақ табиғи бүгілелі де, жұдырық түйіледі. Орысшадағы “пять” (бес) осыдан қалыптасқан. Ежелгі түріктер бесті біс, биш деп атаса, қазіргі түрік тілдерінде оның беш, пеш, биш, пиш, бәш, биш деген тұлғалары да бар. Түрік тілдеріндегі б мен м-ның ауысу заңдылығына негізделгенде (мың – бың, мұң – бұң, мекіре – бекіре), биш – міш, біс – міс болуын да орынды санаймыз. Тіліміздегі мыстан, тұсамыс сөздері мен місе тұтпау деген тіркестегі “мыс” (“міс”) қолмен қатысты екендігі даусыз. Өзбек, ұйғыр тілдерінде жұдырық – мұш – мұшт болып айтылады. Ескі түрікшедегі “биш” (“біс”) қалайда “мыс”, “міс”, “мұш” сөздерімен қатысты. Бұл сөз поляктарға “пис” (бес) болып ауысқан. Йұғыршада бұл бес немесе беш^{*****} тұлғаларымен мәлім. Славян тілдерінде жазу жазу писать (орыс), писати (украин), пиша (болгар), писати (сербо-хорват) делінеді [3.2-35]. Бұлардың ілкі түбірін тохар А тіліндегі рік- : рек-

**** Шадыман Ахметұлы мен Елбол Райханұлының Гәнсу өлкесі Суан йұғыр АО-на жасалған экспедициясының жадығаттарынан.

***** Бес й-мен басталған сөздердің алдында келгенде беш болып ауысады. Мысалы, беш-йүз – бес жүз, беш-ейғырмы – он бес. Бұл қазақ тілінің айтылымына да үйлеседі. Мысалы, бес жүз – беш жүз.

“писать”, “изображать” [3.2-35] сөзімен қатысты деген немесе түрік тілдеріндегі піш (пішу, пышак, бітік, пычак, бічік) етістігімен қатысты дейтін көзқарастар бар. “Писать” етістігі былайша жіктеледі: пишу пишеш – пишут. Демек, түбірдің “пиш” болып өзгеруі де пиш – биш – міш – міс, пис – бис – біс – міс сөздерінің тарихи тамырластығын аша түседі. «Шипагерлік Баянда» бестің қол, оң қол немесе оң аталуының сыры міне осында.

Ежелгі түріктер мыс (міс) сөзін о баста бес орнына қолданғанымен, алтмыш (60), йетміш (70) сөздерінде он орнына да жұмсаған. Мұндағы басты себеп, адамда екі қол – он саусақ болатындығымен қатысты болса керек. Өтей атамыздың бесті де, онды да қол атауы (қол-ауыз – 6, қол-аяк – 20) осы заңдылықтың ұрпақ жадындағы жарқын елесі.

Алты мен жетінің этимологиясын Мыңбай Сқақов: алты – ал тағы біреу қос – ал тағы – алтау, жеті – және тағы – әлі алтыға тағы біреу қос деген сөзден және сөзі “жә” болып қысқару арқылы жә тағы – жетеу болған деп жорамалдай [2.143] отырып, бұл пайымын рим цифрларындағы VI, VII арқылы дәлелдеген.

Алтыны санауда сол қолдан бір саусақ қосылады. Ескі түрікшеде ал етістігінің өткен шақтық гүлғасы алды болмастан, алты болған. Алты сан есімі жалпы түрік тілдерінде алты болғанымен, тува тілінде “алды” делінеді. Ал етістігінің тағы бір мағынасы – алдау. Мажар тілінде “ал” сөзінде орынбасар, екінші және алдау деген мағыналар бар. Сірә, алдың түрікшедегі орынбасар, екінші деген мағыналары ұмыт болған. Ал етістігінің негіздік мағынасы да заттың екінші біреуден өзіне келуін мегзейді. Сондықтан да “алды” (алты) сөзін екінші қол деген мағыналық шеңбер аясынын түсінсек ұғымға жеңіл болары хақ.

Ескі абыздар тәңір адамды жаратқанда бастан жеті терезе (ауыз, екі көз, екі танау, екі құлақ) шығарған деп сенген. Түріктер қара жерді жеті қат, жауыздықты жеті басты жалмауыз арқылы өлшесе, жеті ата, жеті ғалам, жеті кәміл баба, жеті тылсым, жеті жұрт, жеті дария, жеті қараңғы түн, алып алты, жеп жеті болмас ждеген тіркестер жетінің бағзы бір замандарда сандардың ең жоғарғы шегі екендігін көрсетеді. Жеті – жетті болуы да мүмкін.

Қазақ балалары сандарды жадында сақтау үшін “бір дегенім – білеу, екі дегенім – егеу, үш дегенім – үскі, төрт дегенім – төсек, бес дегенім – бесік, алты дегенім – асық, жеті дегенім – желке, сегіз дегенім – серке, тоғыз дегенім – торқа, он дегенім – оймақ” деп жаттайды. Мұнда сандар мен сөздер ұйқастық сәйкесім тауып қана қоймай, ең маңыздысы салыстырылған сөздердің санымен сайма-сай келіп отырады. Салыстырыңыз: білеу – білеуіш білеудің бір беті істетіледі, егеуде екі, үскіде үш қыр бар. Төсекте төрт, ал бесікте төбегімен бес сирақ бар. Асықтың омпы, шомпы, алшы, тәйке, бүк, пік деп аталатын алты тарапы бар. Арқаның саны алтау. Малдың желкесінде мойын омыртқаны қосқанда жетеу болады. Серкенің төрт сирақ, екі мүйізіне сақалы мен құйыршығын қоссақ сегіз болады.

Өтей атамыз сегіз дегенім – серке дегенді “сегіз деулігім саста” деп жазады да, састаны серке [4.276] деп түсіндірген. Сегіз ескі түрікшеде секіз делінсе, оның сас (туваша), сәккар (чувашша), сәккиз (әзерише), сақыс (йұғырша) тұлғалары бар.

Чуваштың р әрпінің жалпы түріктік з әрпімен ауыстырылуы жүйелі құбылыс. Мысалы, теңіз – тенгир [9.229]. Бұл мажар тілінде кезігеді. Мысалы, тенгер (tenger)– теңіз. Қошқар сөзінің түбірі қо (салыстырыңыз: қой, кон, козы, қошақан), ал қар жұрнақ болуға тиіс. Егер серке сөзінің бастапқы тұлғасы серкер болса (“р” түсіп қалса), чуваш тіліндегі сәккар сөзін серкер – секер – секкер – сәккар болған деп жорамалдауға болар еді. Демек, серкер – серкез – секез – секіз – сегіз болып өзгереді. Тува тіліндегі сас көрінісі жақтан санскритшедегі сас (алты) санымен үндес болғанымен, ең маңыздысы Өтей атамыз атаған саста (серке) сөзімен түбірлес болуы да, сегіздің серке сөзімен қатыстылығын тағы бір қырынан дәлелдейді.

Тоғыздың тегі анық емес.

Он түрік тілдерінде ун, ұн, вун, вунна деп те айтылады. Еуропаға қоныс аударған ғұндармен этникалық байланысы бар мажарлардың (венгерлердің) тілінде де 40-90 аралығындағы сөздерде түрікше он сөзі ван, вен ***** түрінде келеді. Олжас Сүлейменов ежелгі шумер тілінде уш – үш, ушу – үшон – отыз сөздері барын тілге тиек ете отырып, түрікше ун сөзі шумерлік “у”-ға “н” жалғанудан келген дейді, әрі ме – мен, зе – сен сөздеріндегі сәйкестікті дәлел еткен [9. 241].

Шумерлер бес мың жылдық тарихқа ие. Ендеше шумерше уш, у, ушу, түрікше үш, ун (он), ушун (үшон) сөздері де бес мың жылдан бұрын жасалған.

Бір мен екіні он, сол қолдарға қатысты жасалған дедік. Түрік тілінде екінің йыр (сол) аталғандығы жөнінде тілдік дерек жоқ. Алайда моңғолдар екіні “хоёр” дейді. Бұл моңғолшадағы хойгуур - таудың теріскейі, теріскей жағы, арт жағы, хойно - солтүстік, арты, соны, кейін, хойт - солтүстік, артқы, келесі (хойм зүг – солтүстік жақ, хойт бөх – түйенің артқы өркеші, хойт жил – келер жыл, хойм эх - өгей шеше) деген біршоғыр сөздердің түбірі “хой”-ды еске салады.

Жиырманың түрік тілдерінде йегірмі, жегірмі, диірмі, чибіргі, чегірбе, йыйырма, жігірма, жиырма, егерме, йігірма, йігірма, іскон, чәрбі, йігірми, иірми, сүүрбә, жирем, йірмі деген тұлғалары бар. Олар негізінен ескі түрікшедегі йегірмі сөзімен шендес.

Мыңбай Скақов йегірмі сөзін жүгір – жүр, шегеру, шөгеру, жүгіну сөздерімен түбірлес дей отырып, аяқ мағынасын білдіреді дейді [2.142]. Егер

***** negy – negyven (4 – 40 – төртон), öt – ötven (5 – 50 – бесон), hat – hatvan (6 – 60 – алтыон), hét – hetven (7 – 70 – жетіон), nyolc – nyolcvan (8 – 80 – сегізон), kilenc – kilencven (9 – 90 – тоғызон). Alfonso Pecan: «Hungara-Esperanta vortaro», kvina eldono, Terra, Budapest, 1983.

аяқ мағынасын беріп, жүру етістігімен түбірлес болса, ескі түрікшедегі йоры (жорық) сөзінен жасалса керек еді. Себебі йүкүр ескі түрікшеде ағу” (Күлтегін ескерткішіндегі қаны сұбча йүкүрті – қаны судай ақты). Тіліміздегі бетіне қан жүгірді деген сөз осыдан қалған. Йегірміні йүкүрмен түбірлес деп таныған күнде де, соңғы “мі”-ні түсіндіру қиын.

7 ғасырдағы түріктер 11 - бір йегірмі, 21 – бір отүз, 31 – бір қырқ, 41 – қырқ артқы бір деп санаған. Бұлайша санаудың сарқыны қазіргі ұйғырлардың (батыс ұйғырларының) тілінде сақталған [7.157]. Салыстырыңыз: быр йығырмы (bæg jüәgtә)– 11, доқыс йығырмы (doḡgæs jüәgtә) – 19, быр отыс (bæg oḡdæs)– 21. Алайда 8 ғасырға тән түрікше мәтіндерде бір йегірмі деудің орнына он бір деп айтыла бастады. Осы санау тәсілінен йегірмінің аяқпен қатыссыз екендігін аңғаруға болады. Бақайларын санау табиғаты суық өңірде тұратын түріктерге үйлеспейді. Өйткені олар Жершарының ыстық белдемінде өмір сүретін тайпалардай жалаң аяқ жүрмеген. Меніңше, йегірмі ескі түрікшедегі йыр сөзімен қатысты.

Оң қолдың бас бармағынан саналған санау бірінші ондықта сол қолдың шынашағымен ақырласады. 11-20 аралығындағы екінші ондықты санағанда алғашқы ондықта бүгілген саусақтар сол қолдікінен бастап ашылады. Осылайша сол қолмен ақырласқан бірінші ондықты ескеру мақсатымен “йыр кірмег” (дәлірек айтқанда сол қол кіргізілуі керек деген мағынада) сөзі санау белгісі етіледі де, сандар бір йыр кірмег – 11, тоқұз йыр кірмег – 19 болып саналады. Ескі түрік тілінде “р” мен “г” үнемі түсіп қалып отырады. Мысалы, берку – беку, тіріг – тірі. Демек, йыр кірмег – йы кірмег – йы кірме – йі гірме – йігірмі – жиырма болып ауысады.

Әрине, мұны йығырмақ – бармақтарды жина, тоғта деген сөзбен де дәлелдеуге болады. Мұндағы йығ көптеген түрік тілдерінде жию, жинау ұғымын береді. Ал ырмақтың мағынасы бармақ.

Халықтық түсінікте тістің саны отыз болып келеді. Чуваштар отызды уатар (тіс тамақты уатады) дейді. Сондықтан да отызды “о тіс”, “ол тіс” сөздерінен қысқарған дейтін көзқарастар бар. «Шипагерлік Баянда» 30 – үш бас, 40 – қыр болып аталады да, қосу амалына “қоспа артқы” деген сөз тіркесі қолданылған. Мысалы, 40+15=55 деген өрнек “қос қол есе көз құлақ қоспа артқы қос қол оң” болып айтылады [4. 5]. “Артқы”, “артқы” сөздеріарт сөзінен өрбіген. Оның сырт, тыс деген синонимдері де бар. Сондықтан отыз дегеніміз тіспен қатыссыз.

Саусак арқылы 21-30, 31-40 аралығындағы үшінші, төртінші ондықтарды санауда қолдың сарты (тысы), қолдың қыры санаудың белгісі ретінде қарастырылуы мүмкін. Салыстырыңыз: бір тысы - 21, екі тысы - 22, ... тоғыз тысы - 29, у тысы (ун тысы немесе он тысы) – 30, бір қырқы (бір қыры) – 31, екі қырқы – 32, ... тоғыз қырқы – 39.

У тысы – у тыс – утыс – утүз – отүз – отыз (башқұртшада утыз делінеді).

Махмұт Қашқари Күңіттегі яғмалар “үш мәрте іштім” деместен “оттүз ічелім (أثر إجمال) дейтіндігін атап өткен [10.1-192]. Міне осы тілдік деректер отыздың қолды үш мәрте төңкерумен байланысты жасалғандығын сипаттайды. «Шипагерлік Баяндағы» “үш бас” дегеннің мәні үш адамның саусақтары емес, қайта бір адамның қолдарының үш мәрте саналуын көрсетеді, яғни үш жұп қолдың басы – үш бас.

Қырқы деген атаудағы -қы қатыстық сын есім жасайтын ескі жұрнақ. Мысалы, ашнуқы – алғашқы, басқы, сыртқы. Әрине, ескі түрікшеде реттік сан есімдер кейде -қы (-кі) жұрнағымен де жасалады. Мысалы, ілкі – ілкі, алғашқы, бірінші, отүзқы – отызыншы [6. 74]. Сондықтан қырқы – қырк болып өзгереді. Қазақ тіліндегі “қырық пышақ болу” деген сөз тіркесін өзбектер “қир пичок қилмоқ” деп айтады. Қырғыздардың (Орқон ескерткішінде қырқыз) өз ата тектерін қырық қызға қатысты деп сенуі де тілдегі қыр мен қырықтың бір атау екендігін дәлелдейді. Ескі түрікшеде және «Шипагерлік Баянда» қырықтан жоғарғы сандарды санауда “артұқы” (қырк артұқы біш – 45) мен “артқы”, асылында, арт, арты деген сөздерді мегзейді. 41-49 аралығындағы сандарды санауда алғашқы реттегі қырынан саналған алақанның бүгілген саусақтарын, ендігі ретте арт жағын белгі ете отырып ашамыз. Осылайша қырк артұқы бір (қыр артқы ауыз) болып саналады. 1-49 аралығындағы сандарды санау барысында қос қолдың саусақтары үш мәрте бүгіліп (бірінші, үшінші, бесінші ондықтарда), екі мәрте (екінші және төртінші ондықтарда) ашылады да, қолдың оң-солы, алақанның тысы (сырты), қыры, қырынан саналған алақанның арты санаудың белгісі болады. Санақ елуге толғанда он саусақ арқылы санау бес мәртеге дейін қайталанады да, қолдың басын ендігәрі санау бірлігінің белгісі етуге шарасыз қаламыз. Ескі түріктердің елуді “еліг” (білек) атауының сыры осында болса керек. Еліг атауы, әсте, қолдың басынан йыққа дейін шамамен елу елі болуға байланысты жарыққа шықпаған. Елу елі болған күнде де мұны тек кездейсоқтық деп санаған жөн.

Қазіргі түрік тілдерінде 20, 30, 40, 50, 60, 70, 80, 90 сандарын қазақша баспа-бас баламалағанда екіон, үшон, төртон, бесон, алтыон, жетіон, сегізон, тоғызон деп атау дағдылары да бар. Ескі шумерлік “ушу” сөзінен пайымдағанда, мұндай бейнелеу тәсілінің де тамыры тым тереңде деп бағалаймыз әрі осызаманғы көптеген тілдерге тән болған қасиеттердің бірі де осындай бейнелеу тәсілінен көрініс табады.

Сан – тарихи дамудың жемісі. Адамзат бір саннан екінші бір санға ғасырлық, тіпті мыңдаған жылдық ізденістер арқылы жеткен. Осы барыстарда сандарды бейнелеп жазудың да түрлі әдістері өмірге келген. Сан тек ауызша ғана айтылмастан, күнделікті өмірде тасқа, ағашқа шекіп немесе кертіп белгі салу жолдарымен де есте сақталып отырған. Түрік сан есімдерінің этимологиясын айқындауда міне осындай таңбалар да өз септігін тигізеді.

казак	ұйғыр	қырғыз	өзбек	татар	тува	салар	йұғыр	моңғол	мажар
бір	bir	bir	bir	bir	bir	bər	пёр, пёр (bər)	нэг	egy
екі	ikki	eki	ikki	eki	iji	igi	ышкы, ішке, іке, шіке (şigə)	хоёр	két, kettő
үш	ytʃ	ytʃ	ytʃ	ytʃ, øtʃ	yʃ	udʒ	уш, үш (uʃ, vuʃ)	гурав, гурван	három
төрт	töt	tört	tört	dört	dört	diod	диорт. түрт (diort)	Дорев, дөрвөн	négy
бес	beʃ	beʃ	beʃ	beʃ, biʃ	beʃ	beʃ	бес (bes)	тав, таван	öt
алты	alte	altə	alti	altə	aldv	altə	алты (ahldə)	зургаа, зургаан	hat (szám)
жеті	jette	dzeti	jetti	dzedi, dzidi	dzede	jidə, jidzi	йіті, йетə (jidə)	Долоо, долоон	hét
сегіз	sekkiz	segiz	sekkiz	sigiz			сақыс (sagəs)	найм, найман	nyolc
тоғыз	toqquz	toʒuz	toqqiz	toʒəz	tos	doqus	доқыс (dohgəs)	ес, есон	kilenc
он	on	on	on	on	on	on	он, ун (on)	арав, арван	tíz
жиырма	jigirtm e	dʒəjərma	jigirtmē	jigirtmē	dʒerbē	jiyərme	ышкон, йығырма (jiyərme)	хорь	húsz
отыз	ottuz	otuz	ottiz	otəz	ydʒen	odtus	ұшон (uʃ on (hudʒon)	гуч	harminc
қырык	qiriq	qərq	qiriq	qəraq	dərtən	gerəχ	диортон, (diordon)	дөч	negyven
елу	ellik	elw:	ellik	elli	beʃen	elli	бесон (beson)	тавь	ötven
алпыс							алтон (ahldəon)	жар	hatvan
жетпіс	jetmiş	dʒetmiş	jetmiş	dʒetmiş, jetmiş	dʒtden	elli jiyirme, jexmiş	йетон, джетон (jidon)	дал	hetven
сексен	seksen	seksen	seksan	seksen	səzen	elli odus, sexsen	сақысон (saqəson, sagəzon)	ная	nyolcvan
тоқсан	toqsan	toqson	toqsan	toqsan	toqsa n	elli gereχ, doχsen	доқысон (dohgəzon)	ср	kilencv en
жүз	jyz	dʒyz	jyz	jyz	dʒys	jyz	йүз (jyz)	зуу	száz
мың	miŋ	miŋ	miŋ	miŋ	myn	miŋ	мең (məŋ), тумак	мянга	ezer
түмен	tymen	tymən	tymen	tymen, on miŋ	on myn	zanzi	айақ (aʒaʒ)	арван мянга, түм	

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ғұбайдолла Айдаров: «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі», Мектеп баспасы, 1986.
2. Мыңбай Сқақов «Түркі тілдес халықтардың ежелгі арифметикасы» «Ежелгі мәдениет куәлары» атты жинақтың 114 бет.
3. П.Я. Черных: «Историко-этимологический словарь современного русского языка», 4-е издание, стереотипное, Москва, изд. «Русский язык», 2001.
4. Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы: «Шипагерлік Баян», Шыңжаң ғылым-техника, денсаулық сақтау баспасы, 1994 жыл желтоқсан.
5. Б. Базылхан: «Қазақша-моңғолша сөздік», Ұланбатыр, 1977.
6. Ғұбайдолла Айдаров: «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі», Мектеп баспасы, 1986, 73 бет
7. С.Е.Малов: «Язык жолтых уйгуров», изд. АНКазССР, Алма-ата, 1957. қазіргі ұйғырлардың тілінде бір сөзі быр (bər) деп айтыла бастады.
8. 西部裕固语汉语词典中国社会科学院民族研究所主编雷选春编著四川民族出版社 1992年成都。
9. Олжас Сүлейменов: «Аз и Я», «Атамекен», Алматы, 1992.
10. Махмұт Қашқари: «Түрік сөздігі», ұйғырша басылымы, ШХБ, Үрімжі.

RESUME

Sh. Ahmetuli (Urimchi)
Etymology of numerals

The article is about etymology of some numerals in the Kazakh language. The author in his work compares the numerals from 1 to 10 and tens in the modern Kazakh, Uzbek, Uygur, Tartar and Mongol languages and makes an important conclusion explaining the similarities in Turkic and Schumer languages.